

**ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ БІЛІМ БЕРУ ҚОРЫНАН ТЕГІН ЫСТЫҚ
ТАМАҚПЕН ТАМАҚТАНУЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША КОМИССИЯ
МҮШЕЛЕРІНІҢ ОТЫРЫСЫНЫҢ**

№4 ХАТТАМАСЫ

Күні: 10.02.2026 ж.

Қатысқандар:

8. Мектеп директоры – Ешкеева А.Т.
9. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Утешова А.К.
10. Қамқоршылық кеңес мүшесі – Сорока И.А.
11. Әлеуметтік педагог – Балмұқаш А.Ш.
12. Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Какимова А.Д.
13. Ата-ана – Бегимбаева А.Қ.
14. Медбике – Бисекеева Г.Д.

Барлығы: 7 адам

Күн тәртібінде:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес, көпбалалы отбасынан шыққан балалардың тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілуі туралы.
2. Мектеп асханасының жұмысы мен күн тәртібін белгілеу және сақтау

Тыңдалды:

1. Әлеуметтік педагог Балмұқаш А.Ш. әлеуметтік санаттағы оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту жұмысы туралы ақпарат берді.

Мектеп бойынша жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес және көпбалалы отбасынан шыққан білім алушылардың тізімі бекітілгені, қажетті құжаттар жинақталғаны айтылды. Жетім оқушылар – 2, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған – 3 оқушы бар. Солардың ішінен ыстық тамақпен 3 оқушы қамтылған, ал қалған 2 оқушы ыстық тамақтан бас тартқан. Оқушылар бекітілген ас мәзіріне сәйкес күнделікті тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етіліп отырғаны, тамақ сапасы мен қауіпсіздігі тұрақты бақылауда екені баяндалды.

Асхана қызметкерлері санитарлық талаптарды сақтай отырып жұмыс істейтіні, тағамдардың сапасы, температуралық режимі және шығу нормалары тексеріліп отырғаны айтылды.

2. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Утешова А.К.: Асхананың жұмыс тәртібі мен күн тәртібі қаралды. Оқушылардың тамақтану уақыты сабақ кестесіне сәйкес ұйымдастырылғаны, асханаға кезекшілік кестесі бекітілгені, ас мәзірі талапқа сай жасалып, көрнекі жерге ілінгені айтылды. 1-4 класс және 5-10 класс оқушылары 6 рет тамақ ішеді.

Тексеру барысында асхананың санитарлық-гигиеналық жағдайы қанағаттанарлық екені, ыдыс-аяқтың тазалығы, тағам дайындау технологиясының сақталуы, тоңазытқыштағы өнімдердің сақтау мерзімі мен температуралық режимі талапқа сай екені анықталды. Қауіпсіздік техникасы мен өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуы назарға алынды.

Комиссия мүшелері әлеуметтік санаттағы білім алушыларды сапалы және уақтылы ыстық тамақпен қамту маңызды екенін атап өтті. Асхана жұмысының күн тәртібін тұрақты бақылауда ұстау, санитарлық талаптарды сақтау, тағам сапасына күнделікті бақылау жүргізу қажеттігі айтылды.

Шешімі:

1. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, толық емес және көпбалалы отбасынан шыққан білім алушыларды тегін ыстық тамақпен қамтамасыз ету жұмысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Әлеуметтік санаттағы білім алушылардың тізімі үнемі жаңартылып, тамақтанумен толық қамтылуы қамтамасыз етілсін.
3. Асхананың жұмыс кестесі мен күн тәртібінің сақталуы тұрақты бақылауға алынсын.
4. Тағам сапасына, санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуына күнделікті бракераж бақылауы жүргізілсін.
5. Асхана қызметкерлеріне қауіпсіздік техникасы мен жеке гигиена талаптарын қатаң сақтау тапсырылсын.
6. Кемшіліктер анықталған жағдайда оларды жою бойынша жауапты тұлғаларға нақты мерзім белгіленсін.

Мектеп директоры – Ешкеева А.Т. 

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары – Утешова А.К. 

Қамқоршылық кеңес мүшесі – Сорока И.А. 

Әлеуметтік педагог – Балмұқаш А.Ш. 

Директордың шаруашылық жұмысы жөніндегі орынбасары – Какимова А.Д. 

Ата-ана – Бегимбаева А.Қ. 

Медбике – Бисекеева Г.Д. 